

БҮГІНГІ
НӨМІРДЕ:

БАҒДАМАСАҢ, КЕЛМЕСЕҢ...

«Қазақ әдебиеті» газеті мен Батыс Қазақстан облыстық
әкімдігінің біріккен жобасы

(7-бетте).

Қазақ

Дүйемі

(10-бетте).



Жанрға жанын ЖАНЫҒАН

Белгілі фантаст-жазушы
Шоқан Әлімбаевтың туғанына
70 жыл



С. Торайғыров (11-бетте).

академик С.Бейсембаев
атындағы ғылым
КІТАПХАНАСЫ

№26 (3242)



1934 жылғы
10 қаңтардан
шыға бастады

ҚАЗАҚ АӘДЕБИЕТІ

1-15 шілде, жұма, 2011 жыл

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер газеті

КАЗАҚСТАН

● АСТАНА КҮНІ



Қазақтың білімі жүрегінде

Қазақтың басынан ағылшын, я француздан қалыс қалатын дәуір өтті. Сөйтсе де, қазақ бүгінгі ұрпағын қалай тәрбиелеп жатыр? Бұл — баршамызды алаңдататын жағдай. Қазақ жастарының заманауи білім жүйесін меңгеру үдерісін білу мақсатында С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры, экономика ғылымдарының докторы, академик Ерлан АРЫНҒА хабарласып көрін едік. Ол: «Қазақтың білімі тілінде ме, жүрегінде ме?», — деген ұрымтал сөз айтып қалды. Міне соны біз тақырыпқа шығарып, әңгімемізді әрі қарай жалғастырдық.

— Ерлан аға, алдымен бүгінгі «қазақстандық білім» хакындағы ойларыңызды ортаға салсаңыз деген өтінішіміз бар.

— Бүгін Қазақстандық білім деп ауыз толтырып айтатын білім жүйесі қалыптасып үлгерді. Бұрын кеңестік білім жүйесі негізінде қаланған білім беру процесі өзінің миссиясын орындап бітті. Ол кезде бәрін біріктіретін орыс тілі болды. Балабақшадан бастап орта мектеп, техникум, институттар мен университеттерде білім-ғылымды игеру тек орыс тілінде жүргізілді. Екіншіден, ағартушылық жұмыс Кеңес заманында білімсіздікті жою ұранының негізгі міндетін атқарды. Бүкіл зауыттар мен совхоз-колхоздарды кәсіби білім алған мамандармен қамтамасыз ету білім жүйесінің негізгі мақсат-міндетіне айналды. Мұны кеңестік білім жүйесі толығымен



орындады деп айта аламыз.


Бүгіндері қазақстандық білім өзінің жүйесін қалыптастырды. Ол үшін шын жүректен қуанамыз, әрине. Десе де, олқылықтар бар. Бірақ, мұндайда қазақ «Көш жүре түзеледі» демей ме?..

Қазақстандық білім жүйесінің басты ерекшелігі ұлттық мүддеге бағытталған. Қазақ мек-

тептерінің саны артып, қазақ тілінде білім алатын тәлімгерлер қатары өсті. Оған тәубә дейміз! Сондықтан да, «қазақстандық білімді» «қазақ білімі» деп айтуға толық негіз бар. Екіншіден, кезінде Қазақстанда 2 университет, қалғаны институттар мен техникумдар негізінде қалыптасқан білім саласы болса, қазір еліміздің әр өңірінде ірі-ірі университеттер бар.

Меніңше, қазақ білімі асқар шынға жақындап қалды. Мәселен, біздің Ата заңымызда орта білім туралы сөз болғанда, білім міндетті түрде тегін берілуі тиіс деген Конституциялық норма қалыптасқан. Бірақ, өзіңіз айтыңызшы, орта біліммен ХХІ ғасырда адам өмір сүре ала ма? Әрине жоқ. Орта білім тек адамның ойлау жүйесін ғана қалыптастырады. Адам өмір сүруі үшін міндетті түрде кәсіби білім алуы қажет. Жалпы адам өміріндегі кәсіби білімнің орны ерекше. Сондықтан да, қазақстандық білім дегенде орта білімнің миссиясына ешкім таласа алмайды. Кәсіби білімнің рөлі адам өмірінде маңызды екендігін мойындауымыз қажет. Осы орайда Конституцияға өзгерістер енгізуге жарарлық ұсыныстар бар. Оның формуласы: елімізде әрбір адам орта біліммен қоса міндетті түрде кәсіби білім алуы шарт. Сапалы білім — біздің Тәуелсіздіктің 20 жылдығы қарсаңындағы үлкен жеңісіміздің бірі.

..... (ЖАЛҒАСЫ 6-БЕТТЕ).



КІСІ СӨЙПЕСКЕШЕ...

(Басы 1-бетте).

Боллоңқу Хартия процесінің қазақстандық білімге қатысты ағымы тұстары көп. Неге десейсің, Еуропадағы жоғарғы білім саласының тарихи 8 ғасырға тиесілі болса, бізде ол 1 ғасырға да жетпейді. Ең қызығы өткен ғасырдың орта шіреіндегі жасындарда университет түзіліп болған жоқ еді. Ал қазір бәр жәлоңқар таңса қалайды. Олаймын, ийнәйіт үйен бір жұмылғаш ашқан жоқ. Тексең уәдіде деген уәдістерді қамқасын көкіршіп, ішкі рухын жалодық менталитетке бөнімдері. Америка да (АҚШ) солай жасады. Ең мықты ғалымдарды өздеріне тартып, жағдайларын қарастырды. Нәтижесінде бүкіл әлемге қуаты дәржава ретінде АҚШ дәржер болып отыр.

Жүсіп Баласағұн: «Ақыл – ширақ, қара тұнды ашатын, білім – жарық, нурын саған шашатын» – деп білімнің, ғылымның қадір-қасиетін дәл айтқан. Яки, біліссіз алдың тұманды деген соң. Қазақстаның білім де дәл солай. Білім тек қана қазақ қалпаң қара-дәрібеге жән теориясын үйретсе, шұғалданбайды, ол рухани байлығы кемелденген нанам ісесі дайындайды.

Дана халқымыз, «тарбие адамгершіліктің қайнары» – деймей ме? Ал, қазіргі кезде жастарды пандің олимпиадала дайындауы, УБТ-дан жағары бал жинау керек дел тәрбиетке жән бермей кетті. Міне, осылар бүгінгі таңның үйен проблемасына айналды. Аталымы екі мәселені біріктіруге керек. Тұлға қалыптастыру, манан дайындау деген нәрселерді бір арнаға тоғыстырып, бір жерде ұстауымыз қажет.

Еті жәнә ғылым туралы заңдарға енгізілген соңғы өзгерістерде құнарталма маңыздар көп. Солардың бірі ғылыми университетті деген ұғымның қалыптасуы. Қандай танамаша? Біздің қарақшымы, университеттерді студенттер мен мектептегі оқушыларды айырмашылығы неде? Мысалы мектепте – сабақ, бізде – аудандық мектепте – сабақ, бізде – пешна, оларда – факультатив, бізде – арнайы курс, яғни, айырмашылық тек қана атауларында ғана. Олай болмауы керек. Студенттер – аудиторды емес, лаборатордық тәжірибелік білімін шыңдаулары қажет. Студенттер – оқулықпен емес, жоғарырақ, ғылыми еңбектерімен дайындау тиіс. Студенттер – өндіріс ошақтарындағы ауыл шаруашылық кешендеріндегі мүмкіндік оқу ордалысын бітірмей тұрып, қасбиі түрдеменгерулері керек. Осындай оқу процесінен кейін ғана студент нағыз манан болып қалыптасады.

– С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры қызметіне кәсіп бері университеттің тығыз-тіршілігіне қандай өзгерістер әкелдіңіз?

– Кезінде Қасым Аманжолов «бірге емес, өзің айдан өз жасыңды» деп осындайларды айтса керектің. Мейілімі университетте 23 жылды ректор қызметін атқардымын. Бір-

Ерлан АРЫН,
С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры,
экономика ғылымдарының докторы, академик

ҚАЗАҚТЫҢ БІЛІМІ ЖАМБЫЛ

жүректігі білімі, – дегуші еді. Сонда көздіңді бе? Үздіктері білім ол тек қана жатанды білім. Ал жүректің білімі – ой-сейіп, сана. Нағыз жамандық жетіс тұрағатқа қыялет қасиетінің нінде, осы жүректігі білім. УБТ балаларды ұстаздарды жатанды біліміне сарып қойды. Логикалық мәселелер не? Оларға қазір жол жоқ. Осындағы кемшілік айқар көршініп тұр. Негізгі ағылме деген осында. Қазір 11 сынып оқитын оқушылар сабақ оқимайды. Сондықтан осы мәселелерді ішу үшін мұныналарды ұсынар едім: біріншіден, УБТ қосымша білім саласын анықтайтын формула ретінде пайдалану. Екіншіден, мамандық таңдау жағын ескерініп. Тәуірде, балаларды топтарыптыр бір аудитордыға жийімейсің, сыртта ұйымдар жүргізіп ата-аналар мен тынамықтық бақалары көртіп сакшылары – УБТ тапсырманы уақыттың ортақ союметіне айналды. Меңіңше осыған байламысы жалпы бір күнде тест тапсыру қате. Балалардың дайындығына орай жыл негіздеріне қарай қойсақ кой. Оны балалардың өздері дайындайтындар орай алдында жақсы болар еді. Міне, осы жақшына ғана УБТ аяң еңді шілде айында бытырғы колледжі бітірген, сол жылы оқуда тұрсе алмай қалған жастар тест тапсырады. Бірақ оларға назар аударып жатқан ешкім де жоқ. Міндетті түрде шілде де емес, жылдың ортасында тапсырып қойса жақсы болар еді. Ол үшін тест орталықтарын жеке ашу керек. Демек, тест мектептер мен университеттерде өлеуі тиіс. Үйткені, мектепте өтіп жатқан УБТ-ға ата-аналар араласуға тырысады. Оның үстіне төрт жақтың шілде бес пәнінен тест тапсырып шынту балаларға үйен психологиялық санмақ түсіреді.

Жатанды ауыздары білім – УБТ-мен кемшілігі. Ол жастар тек қана жатанды ирмереледі. Яғни, фундаменталды білімге жол жоқ деген соң.

– Мәселен, Еуропада ЖОО-ның 90 пайыз

бұл ретте мен ата-аналардың, ұстаздардың бәсенді түрде кіріскенін қалар едім. Ал жастар танама. Қазіргі студенттерге қарағанда рухындағы қыялет қасиетінің балалары жар мақты кой. Кезінде әкем: «Балам анал жоқ, сендерден тұт шықпайды». Профессор боларсым, жақсы маман боларсым бірақ коммунистік дүниетанымын тәрбиеленген сендерді бұйырдым. Мұнар дүстөз шығарды ғой», – деп айтушы еді. Білім тек теориясына сараларды жән қазір түсініп отырмын. Әкем осы өздерді тітіп, тарихи, діни, дәстүрлі білімді қала ма деген қыжылжымын айтқан екен ғой!

Біз де жас кезімізде мектепте сабақ тейірек бізде, далаға футбол ойынаға жүгірсе, демалыста футбол шекіп деп армандап жүретінбіз. Біздің жастар өзгерген жоқ, ата-аналар өзгерді. Бірақ қарағаныш менің әкем біздерге қандай өле барды, ал мен балаларыма қандай өле болудым? Айырмасы жер мен өкпегі. Мен бұны барлық ата-аналардың назарына сарлар едім. Тауға, бұғиғи жастар шығаруы білім мен білімгері бар саралар ұрпақ. Білім білімді пайдалану деген соң. Ал білікті болудың формуласы заман талап етіп отырған білімді иеру, едігершіліктің рухы қалыптасып сипіріп, отанының патриоты болу.

Қазақ жастарының білімі, білімгерлігі дәл деп айтар өзім. Біздің жастар білімгерлігі дәл білім шығардан көрсетіп, осыған дейін қазақ елі бағынатырған белгестерге шығаратыны сенемін.

– Жастарды қатты мақтандыңыз. Әрине, оларға сенгеніңіз жақсы. Бірақ, мына кітан оқимайтын жастар туралы не айтасыз? Бұл оқуылысын сізді алапандатпа ма?

– Соңғы кезде аға бұын өкілдері тарапынан: «бүгінгі жастар кітан оқымайтын болып барарды», – деген пікірді жиі естіліп болды. Демек, қазіргі таңда ең көп көтеріліп жүрген мәселелердің бірі – жастар кітан оқымайды, омылғыс қолыңды дегендер ұяңдар. Осыған өзінді ой-пікірлеріңді қосып көршініп. Тағытын екі ұшу боларындай, бұл жағдайда да екі түрлі қолдасарлап қарайық. Көрініле көлгі түйген аға бұын пікірне қалай ассақ: «қазіргі жастар ғаламдық өрмектің шарырауына өйіп, электронды ақпараттардан бас алмайды. Кітан оқимай, рухани жүтаңдылық салымы барды. Аға бұымдай кітапханам мен кітан дүкендерінің табылдырықтарын тозадырып, кезекке тұрмайды», – деп дабыл қағуда. Қарқынды дамып келе жатқан еліміздің жан-жақты жетілген азаматы болу үшін мен күш-құат жігер, саналы білімі, қасбиі білік пен қол ұяғы қажет. Оның үстіне жастар ғаламтор ресурстарынан өздеріне қажетті барлық мағлұматын ала алады. Сондықтан қазіргі жақсы замандағы жастарымыз кітапханаға сарылып отырмай, қыялет ақпараттық қамтамасыздандырылған ұяғын көрмейді. Оның орнына тіл жұстарына не-несемейді ауған сараларды ұяғын алағы барып, тіпті кейбіреулері уақытың талабына

Мәселен, өткен жылы қара шығарығымызда «Мемлекеттің тілі» жылын жариялап, соның аясында «Қазақша кітан оқығы» акциясын біздің университетіміз бейне қойды. Ағамыш ақия бойынша орл сайын қазақтың тарихи тұлғаларының туымдыларын оқып тұрдық. Бұған өзім де ат салысып қатар айында Абай мен Машһур-Жүсіптің құнды рухани қазынасын қолымызға алдық. Аға бұдан айында Шәкәрімнің, наурыз айында Абайдың, сәуір айында Шәкәрімнің, мамыр айында Ш.Б. Қазықтң көрнекті тұлғаларының шығармаларын оқып тұрдық. Байқанымында ақия барысында жастар көркем әдебиет оқуда, тұтас мағлұматын талауда, өздеріне сын айтуда бәсенділік таныты.

Бесіншіден, қазірде той, туған күн сәлемі жерлерге қоңаққа шықарып, оны сайлаймыз, не сатып аламыз деп сан соғамыз. Неге осындай жымдырға рухани азым болар кітан сыйламақ? Маған емес пе? Мәселен, мемлекеттің «Төдіс мұра» бағдарламасы бойынша жәрмеңке шыққан «Еңбалап сөзі», Қызылорда да «Қызылорда кітапханасы» секілді кітапханалар құрылды. ЖОО тұрғын кітаптарды, Атырауда жарық көрген 28 томдық құқық кітаптарды, М-Ж. Көпейұлы мен С. Торайғыровтың тұлғалық энциклопедиясын сыйға тартпасақ? Сонда ғана жастардың кітапқа деген қызығары өзгеріп, қызығушылығы артар еді. Мұндай істі дәстүрге айналдыру керек.

Сіздің жоғарыдағы сауалыңызды жастарға емес, үлкендерге неге жастарды кітан оқуға италаңдарыңды деп өзгерту керек. Жаһандық заманауи ақпарат көздерінен өздеріне қажетті ақпараттарды менгеріп отыратын жастарды тек қолдау керек.

– Түсінікті. Сосын мына, ағендіңді айтқандарың қулақ түреліп дүние екен. Осы орайда, сіз әжеңіз секілді бола алмадыңыз дейсіз. Бірақ, сізден ұяған адам шықты, 11 жыл бойы студенттердің мың теңгесіне кітаптарды берген тәжірибесі өз емес. Олай болса, бүгінгі жастардың тәрбиесінде сізді не алаңдатыр?

– Қызық сауал екен... Негізгі әкеден оқып туған кім бар? Осындай миындай ақша еріксіз екітеп келеді екен. Бірде Жамбыл атамның мағлұматын алдым.

– Сіз қазақтарды арғы-бергі тарихын мықты білесіз. Жалпы сіз қазақ тарихындағы бірегей қайраткер ретінде кімді танысыз?

– деп сұрақ қойыпты. Сонда, Жәкен біраз оялайып:
– Құнанбайдың артығы болмас, – депті.
– Қалағай? – деп таң қалған жазуым:
– Абайды қандай қосысыз? – депті. Сонда, Жәкен:
– Е, Құнанбай сияқты әкеден Абай секілді дана туғанды да, – депті.
Шындығында да, әкемінен зәсп тұрды деген соң. Сондықтан да, әкеміде болған бағыр. Бірақ, әкем ұқсап бағуға ардым тырысымын, әкем шыққан асқар биік шығуға талпынымын. Әкемің әзірет ретінде жалғыз елестірген қыялеттерін кітаптармен бейнелендірдім. Ал бүгінгі жастардың табысы:

жылдай ректор қызметін атқарудың өзіне. Бул жылдар мен үшін халық алдындағы үлкен азаматтық сын сияқты көрінді. Сондай-ақ, мен өзімді әке жолын қуған бақытты перзентімін деп есептеймін. Сондықтан болар, маған бул қызмет өте ыстық, һәм жауапкершілігі зор. Ақиқатында осы жылдар ішінде өзгерістер өте көп болды. Ол – менің ректорлық қызметіммен ғана байланысты емес. Ол – Отандық білім саласындағы тамаша жаңашыл реформалар мен бетбұрыстар орайына байланысты дер едім. Отанымызда жаңашыл реформалар болып жатса білім саласында дәл сондай өзгерістерге толы. Осы оң бетбұрыстардан шет қалмай өзінің ұстанған принциптерін орындап, көшпен бірге бізде келе жатырмыз. Біздің университет бағындырған әрбір белес – бүкіл ұжым жұмысының нәтижелі істері. Университет басынан әр түрлі кезеңдік өзгерістер өтті. Біріншіден, өзіңіз білесіз алғашында индустриялық университет ретінде студенттерге білім берсек, қазір көпсалалы білім жүйесіне көшіп, жаңа мамандықтар аштық. Екіншіден, материалдық базамызға байланысты бізде бірнеше корпус салынып, заманауи зерттеу зертханалары ашылды. Бүгінде университетті заманға сай техникалық жабдықтармен қамтамасыз етудеміз. Үшіншіден, ең маңыздысы, оқу процесі қатты өзгерді. Профессорлар бұрынғыдай сарғайған қағаздарына жазып отырған дәрістерін немесе кітаптан оқып отырып сабақ бермейді. Қазір оқытушы профессорлар да, студенттер де өзгерді. Жай ғана жүгіріп келіп мен экономист, не заңгер, инженер болам деп қалтаға дипломын салып кететін кезден өттік. Қазір, тәубе, студенттеріміз нағыз кәсіби, өз ісін білетін білікті маман болып қалыптасқан.

Тағы да бір үлкен мақтанышымыз ол – студенттердің 71 пайызы мемлекеттік грантта оқиды. Алғаш мен осында ректор болып келгенде 2400-дей студент болған. Ал қазір олардың саны 12 000-ға жетті. 90-жылдардың басында бірнеше ғылым докторлары бар болса, қазір университет қабырғасында 60-тан астам ғылым докторы бар. Оған қаншама кандидаттарды қосыңыз. Осының бәрі үлкен бір нәтиже, үлкен жетістік. Біз тек қана білім-ғылыммен ғана шектеліп қалмай мәдениет, спорт салаларын қолдауда да атқарып жатқан еңбектеріміз сүбелі екенін айтқым келеді. Университеттегі филармония жастардың өнерлік қабілеттерін шыңдауға ат салысса, Естай атындағы ұлттық оркестрімен ерекше мақтануға болады. Осы шағын шығармашылық ұжымда 8 мәдениет қайраткері жұмыс жасайды.

Ал спорт жайлы айтар әңгіме көп. Тек ең бастысына тоқталсам. Олимпиада ойындары, әлем чемпионаттарына университет спортшылары еліміздің намысын қорғап, көк байрағымызды желбіретіп жүр. Мәселен, Астана мен Алматыда өткен Азиядағы б спортшымыз ел намысын қорғап, жүлделі орындар алды. Осының бәрі біздің университетіміздің үлкен бір белесі.

– Бірнеше жоғары лауазымды қызметтер атқарғаныңызды жақсы білеміз. Сол кездегі сіз атқарған биіктерден қарағанда, жоғарғы оқу орындарының кемшіліктері мен артықшылықтары қандай? Жалпы, университеттегі оқу-білім стандарттарына көңіліңіз тола ма?

– Абайдың: «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол», – деген ұлағатын

жастайымыздан санамызға сіңіріп «Ағын – ақ, қарасын – қара» деп айту қасиетін бойға дарыттық.

Енді кемшіліктерінен бастасам.

Бірінші кемшілік – еліміздегі көптеген ЖОО уақыт талабына сай ілесе алмай отыр. Ал, екіншіден, жоғары білім беретін оқу орындарындағы материалдық база заман талабына сай жабдықталмауы қынжылтады. Сол материалдық техникалық базасы заманауи талаптарға сәйкес жабдықталмауынан жас мамандар ЖОО тәмамдағаннан кейін жұмысқа белсене араласа алмай жүр. Бул жерде техникалық база дегеніміз корпустар ғана емес, ғылыми-зерттеу зертханалары екенін ескерген жөн. Шетелге барып жүргенде қабырғалары сап-сары университеттерді көресіз. Бірақ, жоғары мектеп ішіндегі зертханалар қымбат қаражатқа алынған материалдық техникалық базалармен қамтамасыз етілген. Оны көргенде қызығасыз. Үшінші кемшілік – академиялық бостандықты кеңейтуіміз керек. Оны жоғары білім саласының дамуын елестетудің өзі қиын. Сонда жоғары мектептер де әр түрлі боялып шығады. Бізде қазір институт та көп, университет, академия да баршылық. Бірақ, айырмашылығы тек қана атында. Оның затын өзгертуіміз керек. Ол дегеніңіз ғылыми зертханалар арқылы ғылымды кіргізу.

Енді жетістіктеріне келер болсақ. Біріншіден, соңғы жылдары ғылыми-техникалық парктер пайда болды. Яғни, инновациялық жұмыстарға көп мән беріле бастады. Екіншіден, біздің ЖОО ештеңеден қорықпай тың жаңалықтарды, үрдістерді енгізіп жатыр. Біз сияқты Кеңес үкіметінің құрсауында болған мемлекеттер мұндай тәуекелге барған жоқ. Мұны да жетістік деп бағалауға болады. Жақында білім және ғылым министрі Бақытжан Тұрсынұлының көптен бері шешімін таппай келе жатқан мәселелерді бір жөнге салып, «ұлттық ғылыми университет», «ғылыми-зерттеу университеті» деген ұғым кіргізді. Міне, осы жерде «білімге ғылымсыз жол жоқ» деген проблемалы мәселе шешімін табатын болады. Ол да артықшылық болып есептелмей ме? Қазір 3-4 ЖОО осындай атақтар алады. Соған қарап бәріміз де талпынамыз. Кім біледі, мүмкін мен басқарып отырған университет те осындай атаққа ие болатын шығар.

– Ауыл жастарының Алматы және Астана қалаларында бой көтерген жоғарғы оқу орындарына мемлекеттік грант арқылы түскендері болмаса, ақылы бөлімде білім алуға ата-аналарының қалталары көтере бермейді. Ал сіздерде ауыл шәкірттеріне арналған қандай жеңілдіктер бар?

– Жалпы ауылдан түлеп үшқан талапкерлерге мемлекет тарапынан көмек аз көрсетіліп жатқан жоқ. Конкурс (грант) кезінде қаланың талапкерлеріне қарағанда ауыл оқушыларына көп жеңілдіктер бар екенін білесіз. Мұны бір деңіз. Екіншіден, әр университетте студенттерге көрсетілетін жеңілдіктер жүйесі қалыптасқан. Мысалы, біздің университетте студент семестрді «үздік» бағамен тәмамдаса – 20 пайыз, әлеуметтік жағдайы төмен немесе білім, өнер, спорт салаларында жоғары жетістіктерге жетсе – 50 пайыздық жеңілдіктер

қарастырылған. Тағы бір айта кететін мәселе ақылы бөлімде оқитын студенттердің төлемақысын енді біз әй сайын төлеуге мүмкіндік бердік. Себебі, бөліп төлеу ата-аналарға көп жеңілдік тудырады. Сонымен қатар үздік оқитын студенттерге М.Ж. Көпейұлы, С. Торайғыров, Қ. Сәтбаев және т.б. тарихи тұлғалар атындағы атаулы стипендиялар тағайындалады. Дарынды студенттер ректордың грантына да ие бола алады. Тағы бір ауыл жастарына жеңілдік – облыс әкімінің, аудан әкімінің, ірі өндіріс ошақтарының гранттары да қарастырылған.

– Тәуелсіздікке қол жеткізгелі бері білім саласында көптеген өзгерістер орын алды. ЖОО-ға Ұлттық бірыңғай тест тапсыру арқылы түсіп жүрміз. Сөйтіп, халық арасында: «Бақ шаба ма, бап шаба ма?», – деген пікір де қалыптасып үлгерді. Оның үстіне білімі таяз мектеп түлектері «тисе терекке, тимесе бұғаққа» деп, әйтеуір, сұрақтың кез келген нұсқасын белгілей салуды шығарды. Осы туралы не айтасыз? Бул жастардың санасына кері әсер етпей ме?

– Жалпы Ұлттық бірыңғай тестілеуге (осыдан кейін ҰБТ) байланысты мынандай бір ой бастасам. Әрбір механизмнің тууының өзіндік себептері болады. Кезінде бізде тестілеу пайдаланылған жоқ. Қолданса да басқа формада, басқа жағдайда. ҰБТ-ның енгізілуін бір нәрсемен ғана байланыстырамын. Ол – білім саласындағы коррупцияны жоюға бағытталған форма. Кезінде талапкердің оқуға түсер кезінде объективті бағалау жағы қиын болды. Бул үлкен қоғамдық дерт еді. Ол кездері ЖОО оқуға түсу үшін тамыр-таныс арқылы шешіліп, жүзеге асатынын көрдік. Міне, ҰБТ осы мәселені шешетін фактор ретінде қарастырылды. Бул үлкен әлеуметтік мәселені ҰБТ шешіп те берді. Осы орайда ҰБТ-ға рахмет айтуымыз керек (күліп.)

ҰБТ осымен басталды. Бірақ, әр нәрсенің өзінің мүмкіндігі, шекарасы бар. ҰБТ өз шекарасынан шығып кетті. Бірнеше функцияны ҰБТ-ның иығына салып жібердік. Ал оны ҰБТ көтере алмайды. Мысалы, ҰБТ мектеп бітіріп отырған балаларға баға беру ғана емес, бір сәтте жоғарғы оқу орынына түсуге мүмкіндік беріп отыр. Сондай-ақ, мектептерге, мұғалімдерге, облыстардың білім басқармаларының рейтингтерін анықтайтын формулаға айналды.

Меніңше, адамның білімін тек қана ҰБТ арқылы анықтау мүмкін емес. Біреуінің сөз саптауын тыңдау керек, ал екіншісінің жазуын көру керек. Консерваторияға түсіп жатқан бала тестіні қайтеді?! Консерваторияға түсетін талапкердің дауысын тексеру керек. Ал суретші немесе журналистика мамандығына түсетін балаға математиканың қажеті қанша? Міне, осы мәселелерге ерекше мән берген жөн. Сондықтан барлық мамандыққа бірдей ҰБТ енгізу қате. Демек, негізгі емтиханды еркін түрде тапсыру керек те, шығармашылық емтихан қосымша болуы тиіс. Ал тест қосымша тексеру элементі ретінде қолданылу керек.

Осы орайда, ҰБТ-ға байланысты тағы да бір нәрсе есіме түсіп отыр. Кезінде әкем марқұм: «Балам білімнің екі түрі болады», – деп айтушы еді. Енді осындағы білімнің «біріншісін – тілдегі білім, екіншісін –

пайызға жұмыс мемлекеттің иелігінде. Аталмыш білім ордалары шәкірттерді тек білім гранты арқылы қабылдайды. Ал онда түсе алмай қалған түлектер, амалсыз ақылы ЖОО-ға түседі (оның өзі санаулы). Қазақстанда мемлекеттігінен гөрі мемлекеттік емесі басым. Бұл турасында не айтар едіңіз?

– Меніңше сіз дұрыс айтасыз. Жалпы әлем бойынша әртүрлі жүйе қалыптасқан. Мысалы, Германияда, Францияда мемлекет тарапынан бөлінген қаржыға оқитын студенттер өте көп. Мен енді оны 90 пайыз деп айта алмаймын. Ол мүмкін емес. Ондай ақшаны мемлекет шығара алмайды. Бірақ, оларда мемлекет тарапынан білім алу жүйесі бар. Мұндай гранттар бізде де бар. Бірақ, негізгі айырмашылықтарын атайын. Мемлекет тарапынан биыл 345 000 теңге қаржы грантқа бөлінді. Ал қаржы неге жұмсалады, ол мұғалімнің жалақысына, университеттің техникалық базасын қамтамасыз етуіне. Былайша айтқанда университеттің барлық шығындарын жабуға. Ал шет елде жағдай мүлде бөлек. Онда ақылы бөлімде оқитын студенттің ақысы университет шығындарын жабуға жұмсалады. Ал ағартушы ғалымдардың жалақысын мемлекет төлейді.

Мемлекет тарапынан гранттардың саны жыл сайын өсіп жатыр. Соңғы 12 жылдың ішінде 3 есеге өсті. Осы қаржының бәрі республикалық бюджет тарапынан бөлініп отыр. Десе де, гранттар саны әлі де аз. Сондықтан да, мен сіздің осы сұрағыңызды толығымен қолдаймын. Мысалы, бір облыста гранттар саны тым көп, ал екінші бір облыста осы гранттардың жартысы да жоқ. Елімізде ірі холдингтер, өндіріс ошақтары, халықаралық қорлар көп. Міне, осылар ЖОО гранттар қарастыруы қажет. Біздің университетте осындай грантпен 400 студент оқиды. Шетелде бұндай гранттар өте көп. Сосын, жергілікті бюджеттен ақша бөлу жүйесі қалыптасқан жоқ. Біздің облысымызда ғана мұндай жүйе бойынша грант бөлу реттелген. Міне, осы жылы 1000 грант бойынша біздің студенттер білім алып жатыр. Осындай гранттық жүйені еліміздің барлық өңірлерінде енгізу қажет.

Сонымен қатар әр аудан әкімгершіліктері грант бөлуде. Жыл сайын 220-240 бала аудандық бюджет бойынша оқуын жалғастыруда. Қосымша облыста 200 стипендия облыс әкімінің тарапынан алады. Міне, осыны бір жүйеге келтірген жөн.

– Қазіргі жастардың білімі мен білігі сіздің ойыңызша қандай дәрежеде? Жастардан күтер үмітіңіз...

– Біздің кезде бүгінгі мүмкіндіктердің бірталайы болмады. Қазір қараңызшы кілкішкентай габилеріміз ат құлағында ойнағандай компьютерді меңгерген. Үш тілді де (қазақ, ағылшын, орыс) қатар алып келе жатыр. Ең бастысы біздің жастар білімді қазақша алып отыр. Мысалы, мен өзім орысша оқыдым. Ал менің балаларым қазақша оқып жатыр. Мен оған қуанамын. Ал енді білігі жағынан, Аллаға шүкір заманға сай, прагматикалық көзқарас пайда болды. Одан шошымауымыз керек.

Өкінішке орай қазір мынандай бір тенденция бар. Ол – оқуын бітірген соң дипломды қалтасына салып қойып, өз таңдаған мамандығы бойынша жұмыс істемеу. Сондықтан

сай қосымша жұмыс істеп те жүр. Демек, нарықтың бет алысы мен бағыты осыған мәжбүрлеп отыр.

Ата-ана, аға буын жастарға кітап оқуға байланысты дұрыс бағыт-бағдар беріп жатпағанын ескерсек, жастарды да кінәлай беруге болмайды. Мұны ата-аналардың тәрбиелік функциясын толық орындамағанынан көруге болады. Неге десеңіз, қазіргі ата-ана, аға толқын жастар қызығып оқитын кітапты ұсына алмай отыр. Міне, мәселе қайда жатыр. Кезінде әкем: «Айналайын балам, мына кітапты оқышы деп, Генрих Шлиманнның «Жизнь замечательных людей», Мұхамеджан Тынышбаевтың «Қазақ-қырғыз халқының тарихы», – деген кітаптарын қолыма ұстатып, рухани сусындауыма жағдай жасаған болатын. Осылайша әкем классикалық әдеби туындыларды оқуымды үнемі бақылауында ұстаушы еді. Содан кейін Абайдың қара сөздерінің мәнін ұғып, өлеңдерімен сырласып өстік. Одан бөлек әкем күнде кешкісін отбасымызды жинап Мұхтар Әуезовтің «Абай жолын», Жүсіпбек пен Ахметтің туындыларын, Мағжан мен Султанмахмұттың поэзиясын дауыстап оқып беруші еді. Керек десеңіз Гетенің неміс тіліндегі туындыларын дауыстап оқып, артынша мазмұнын аударып түсіндіретін. Содан кейін біз бала кезімізден кітап оқуға үйір болдық. Бауырым Нұрлан екеуміз классикалық көркем әдебиеттер оқып жарысатынбыз. Демек, ең бірінші ата-ана бала қолына өмірлік азық болатын, құнды кітаптарды ұстатып, оқығанын бақылауы тиіс. Бұл әкенің, ананың міндеті. Осы міндет өз деңгейінде атқарылмағандан кейін бала қалайша кітап оқуға әуестенеді?

Екіншіден, мұғалімдер мен профессорлар оқушылар мен студенттерді кітап оқуға байланысты міндетін адал атқара алмай отыр. Оқытушы профессорлардың жастардың кітап оқуына жасайтын ықпалы өз деңгейінде емес.

Үшіншіден, көптеген үйлерде отбасылық кітапхана, кітап жинау дәстүрі жоқтың қасы. Мен Павлодарда талай үйлерде қонақта болдым. Бірақ, кітапқа лық толы кітап сөрелерін байқамадым. Негізінен, Алматыдағы зиялылардың отбасыларында мұндай кітапхана қоры әлі жалғасын табууда. Осы үйдегі кітапхана қоры да балалардың кітап оқуына өзіндік әсері бар. Кезінде үйдегі кітап сөрелерінен Алаш қайраткерлерінің еңбектерін оқуды жаным жақсы көретін.

Есіме қызықты оқиға түсіп отыр. Ай сайын алатын шәкіртақыма үнемі кітап алып, өзімнің жеке кітапхана қорымды байытып жүретінімін. Бірде әкем: «Балам, әрине сенің шәкіртақыңа кітап сатып алатының қуантады. Бірақ, кітап сатып алсаң өміріңде бірнеше рет қолыңа алып оқитын кітап ал. Ал қалғанын кітапханадан табасың», – дегені құнды да құнарлы кітаптар жинауыма жол сілтеді. Бүгінде отбасылық кітапхана қорында қыздарым таңдап жүріп оқитын 5 000 кітап бар. Міне, осы кітаптар бүгінде қыздарым күнделікті азықтанатын рухани қазына болғанына қуаныштымын. Яғни, әрбір отбасындағы кітап қоры жастардың кітап оқу мәдениетінің қалыптасуына себеп.

Төртіншіден, жастардың кітап оқу мәселесіне ат үсті қарайтын болдық. Испания, АҚШ секілді елдерде «Бір ел – бір кітап» секілді акциялар дәстүрлі түрде өткізіледі.

арияндаймын. Ал бүгінгі жастардың тәрбиесінде алаңдататын мәселе біріншісі, ұлттық тәрбиенің тым аздығы. Расында да ұлттық тәрбиеге толық мән беріліп отырған жоқ. Көшеге шығып Қалибек Қуанышбаев, Күләш Бәйсейітованы сұрасаңыз, жастар білмейді. Ал ол кісілер өткен ғасырда ғана қазақ мәдениетін өрге сүйреген тұлғалар ғой. Осыдан-ақ, ұлттық тәрбие қандай деңгейде жүріп жатқанын білесіз.

Екіншіден, жастардың ойлау қабілетін, ой санасын тәрбиелеу қажет.

Үшіншіден, мемлекетшіл саианы өсіру керек. Бұрындары аталарымыз руды тегін білу үшін, ұлт ретінде бірігу мен туыс іздеп сұраса, бүгінде үлкендер жік-жікке, ру-руға бөліну үшін, жастардың руын сұрайды. Жастар тәрбиесінде алаңдататын мәселенің бірі осы. Ақиқатында жастарды мемлекетшіл, отаншыл санаға көтермей ертеңіміз қараңғы.

Төртіншіден, үлгі боларлықтай тұлғаларды әлі дұрыс насихаттай алмай отырмыз. Бала кезімізде бізге «Өскенде кім боласың?», – дегенде, «Гагарин боламын, ғарышкер боламын», – деуші едік. Кешегі Абай, Ә.Бөкейханұлы, А.Байтұрсынұлы, Т.Жүргенов, Қ.Сәтбаев, І.Омаров, Ө.Жәнібековтер, бүгінде Ә.Кекілбаев, К.Сағадиев, жастарға үлгі боларлықтай алыптар емес пе? Тек осыны дұрыс жолға қойып, насихаттау қажет.

Бесіншіден, ислам дінінде ең керемет ұғым – имандылық болса, осы имандылық – тәрбие негізі. Қазақта имандылық адамгершілік, әділеттілік, ізгілік, мейірімділік қасиеттерді білдіреді. Сондықтан жастарды имандылыққа тәрбиелесек, болашағымыз жарқын болмақ.

– Мына, Павлодар – киелі, қасиетті өңір ғой. Ерекше топырағынан Бұқар жырау, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, Қаныш Сәтпаев, Иса Байзақов сынды қазақтың біртуар азаматтары шықты. Осындай тұлғаларды дүниеге әкелген бұл өңірдің табиғаты бүгіндері демалып жатыр ма? Аты Алашқа, һәм барша қазақ жұртына мәлім тұлғалар көрініп жүр ме?

– Қазақ ғылымының қалыптасуына, дамуына атсалысқан Қаңекеңнің елінен, жазба қазақ әдебиетінің негізін қаласқан Жүсіпбектің жерінен, Жаяу Мұсадай дүлділ шыққан топырақтан бүгінде әдебиет майталманы Мұзафар Әлімбаев, музыка, өнер саласының қайраткері Шахмардан Әбіловті атауға болады. Одан бөлек, Елбасының отаншыл істеріне демеу болған Даниял Ахметовты және Дүйсенбай Дүйсенов, Серік Алигужиновты айтсақ, ғалымдардың сара жолын қуған үлкен ғалымдарымыз Фарифолла Есім, Зайролла Дүйсенбеков, Ғақып Уәлиев, Жабайхан және Мейірхан Әбділдиндер, Мұхтар Бәкенов, Қабдырахман Дүйсенбин, Есен Бектұров, Мәлік Қайыпов және т.б. атауға болады. Бұқар салған, Мәшһүр-Жүсіп қалаған, Сұлтанмахмұт шыңға шығарған әдебиет саласында Олжас Сүлейменов, Қалмұқан Исабаев, Мүбәрәк Жаманбаинов, Ахат Жақсыбай, Арман Қани секілді тұлғалар бар. Осы құтты мекенде көзі ашылған бұлақтың қайнары бітіп, таусылып қалған жоқ, қайта үлкен арналы өзен-теңізге ұласып ұлғайды. Бұл қасиетті топырақтың тумалары әлі Отанымыздың гүлденуіне, өркендеуіне атсалысады.

Әңгімелескен
Зарина БҮЙЕНБАЙ.